



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚҰРЫЛТАЙ МЕН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ ҮЙЛЕСІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҚАЖЕТ

● МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСЫП, СӨЗ СӨЙЛЕДІ. ПРЕЗИДЕНТТІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ ЕЛІМІЗДЕГІ САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ЖАҢА САПАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛГЕНІН АЙҚЫН АҢҒАРТТЫ.

– Бұл күн еліміз үшін аса маңызды, шын мәнінде тарихи оқиға деп айтуға толық негіз бар. Қазақстан Халық Кеңесі мемлекетіміздің саяси жүйесінде айрықша орын алатын, конституциялық мәртебесі бар бірегей институт болатынына күмәнім жоқ, – деді Президент.

Елдегі ең жоғары консультативтік мекеме мәртебесінің берілуі қоғамның түрлі өкілдері мен әлеуметтік топтарының үнін заңнамалық және стратегиялық деңгейде ескеруге мүмкіндік береді. Бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын институционалдық тұрғыдан орнықтырудың айқын қадамы.

Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы – еліміздегі саяси жүйені демократияландыру мен мемлекеттілік негіздерін нығайтуға бағытталған стратегиялық вектордың заңды жалғасы. Бұл институт алдағы уақытта маңызды мемлекеттік шешімдерді сараптаудың, қоғамдық консолидацияның және елдегі тұрақтылықты сақтаудың басты кепіліне айналуға тиіс.

– Халық Кеңесі – Құрылтайға балама мекеме емес. Кеңес мүшелері Құрылтайдың құзыретіне кіретін жұмыспен айналыспайды. Депутаттардың қызметіне араласпайды. Заң бойынша осындай әрекеттерге құқы жоқ. Тісінше, Құрылтай депутаттарының да Халық Кеңесінің жұмысына араласуға хақы жоқ. Бәрінің алдында тұрған басты мақсат: екі институт та бір-бірін толықтырып, бірлесе қызмет етуі керек. Сондықтан Халық Кеңесі мен Құрылтайдың комитеттері тығыз байланыста болып, үйлесімді түрде жұмыс істеуі қажет, – деді Президент.

КОНСТИТУЦИЯ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МӘҢГІЛІК ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мемлекет басшысы еліміздің саяси жүйесін тұбегейлі қайта жүктеу кезеңінің түйінделуін де, сонымен бірге оның сапалы жаңа деңгейге өтуін де атап өтті.



«Конституция халқымыздың мәңгілік темірқазығы және Әділетті, Озық, Таза Қазақстанның мызғымас арқауы ретінде елімізді жарқын келешекке апаратыны сөзсіз. Конституциялық реформа нәтижесінде біз еліміздің заң шығарушы органы – Құрылтайдың алғашқы сайлауын өткіздік. Шетелдік сарапшылардың пайымдауы бойынша сайлау жоғары деңгейде, мінсіз өтті. Халық қолдаған Құрылтайға бес партия кірді. 28 тамыз күні депутаттар өз жұмысына кірісті. Үкіметтің жаңартылған құрамы жасақталды. Вице-Президент тағайындалды. Жаңа мемлекеттік мекеме – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты құрылды. Міне, енді Қазақстан Халық Кеңесі де өз қызметін бастап отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Тұтас бір жыл ішінде атқарылған бұл ауқымды жұмыс – жай ғана кадрлық немесе құрылымдық ауыс-түйіс емес, ұлт тағдырына тікелей ықпал ететін, мемлекеттің және қоғамның сипатын сапалы түрде өзгерткен тарихи белес. Мұндай қысқа мерзім ішінде ірі геосаяси мен ішкі сын-қатерлерге қарамастан, реформаларды жүйелі әрі бейбіт түрде жүзеге асыру – еліміздегі қоғамдық консолидация мен мемлекеттілік негіздерінің мықтылығын айғақтайды.

Жалпы ішкі өнімнің өсуі, инвестиция ағынының артуы және Ұлттық қор активтерінің ұлғаюы – ел экономикасының ішкі-сыртқы сын-қатерлерге төзімділігін білдіретін басты индикаторлар.

– Соңғы 7 жылда ЖІӨ 29 пайызға артып, 306 миллиард долларға жетті. Алтын-валюта резерві және Ұлттық қор активтерінің көлемі 138 миллиард доллардан асты. Осы кезеңде елімізге 162 миллиард доллардан астам инвестиция тартылды. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайыздан асты. Қазақстанда жыл сайын 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын-үй бой көтереді. 2019 жылдан бастап, 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1 342 мектеп салынды. Сондай-ақ 1 200-ден астам денсаулық сақтау нысаны ашылды. Осы уақыт ішінде 35 мың шақырымнан астам автокөлік жолы салынып, жөнделді. Мұның бәрін тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш деуге болады, – деді.

Салынған мектептер, денсаулық сақтау нысандары, жолдар мен тұрғын үй көлемі реформалардың негізгі асыл арқауы – азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту мен адам капиталын дамыту екені анық. Бұл жетістіктер Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарындағы орнын орнықтырып, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін дәлелдейді.

Президент қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті сақтаудың заманауи геосаяси мен әлеуметтік сын-қатерлерге сай жаңа сапаға көтерілгенін де айтып өтті.

– Негізгі заңда адам құқығы мен бостандығын қорғау, заң мен тәртіпті орнықтыру, бірлік пен ынтымақты сақтау, халықтың әл-ауқатын арттыру, білім мен ғылымды, инновацияны дамыту мемлекеттің мызғымас міндеті ретінде айқындалды. Біртұтас ұлт ретінде өскелең ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, Конституцияны қабылдадық. Сол арқылы болашағы жарқын, бағдары айқын Әділетті, Озық әрі Күшті Қазақстанның берік негізін қаладық. Азаматтарымыз Конституцияның ережелерін жақсы біліп, күнделікті өмірде қолданған сайын оның күші де, қуаты да арта түседі. Сол себепті мен Конституция әр адамның қолында жүретін, жұмыс үстелінде тұратын, жеке кітапханасынан орын алатын құжат болуға тиіс деп есептеймін. Біз Конституцияда бекітілген қағидаттар мен құндылықтарды бүкіл ел болып дәріптеуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жалғасы 2-бетте

ВАТИКАН АРХИВТЕРІ МЕН КАРТАЛАРЫ БІЗ ТУРАЛЫ НЕ АЙТАДЫ?

● ВАТИКАННЫҢ АРХИВ ҚОРЛАРЫНДА ТҮРКІ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДЕРЕКТЕР БАР? БАТЫС ҒАЛЫМДАРЫ МЕН САЯХАТТІШЫЛАРЫ СЫЗҒАН КАРТАЛАР ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ СЫР АЙТАДЫ? «CASSAKIA» АТАУЫ КАРТАҒА ҚАШАН ТҮСКЕН? ОСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА СУРАҚТАР ТӨҢІРЕГІНДЕ ВАТИКАН АРХИВТЕРІНЕ АРНАЙЫ БАРЫП ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗГЕН ҒАЛЫМДАР ТОБЫНДА БОЛҒАН РСУЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ, ГЕОГРАФ ҒАЛЫМ КАСТЕР САРҚЫТҚАНМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

– «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті атты гранттық қаржыландыру жобасы қалай басталды? Жобаға қатысқан зерттеуші ғалымдар алдына қойған мақсатына жете алды ма?

– Бұл жоба Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылы 18-19 қаңтарда Италияға ресми сапары аясында, Ватикан Қасиетті Тағының басшыларымен келісімі негізінде қолға алынды және 2024-2026 жылдар арасында мемлекеттің қаржылық қолдауымен басталды. Ол туралы кезінде ақпарат бетінде жақсы жазылды, айтылды. 2024 жылдың күзінде ұлттық-қоғамдық саяси «Ақиқат» журналына белгілі журналист Дина Имамбайға «Қазыналы қарт Ватикан қазаққа не береді?» тақырыбында сұхбат берген болатынымын. Сол сұхбатта жоба туралы көптеген сұраққа жауап берілген. Сондықтан әңгімені бірден сұрақтың екінші жартысынан бастайын. Біздің елде гранттық қаржыландыру жобалары үш жыл мерзімге беріледі. Алайда конкурс нәтижелері жылдың екінші жартысында белгілі болады. Ал үшінші жылы есеп беру уақыты қазан айында басталады. Сондықтан үшінші жылдың күзгі мезгілі көбінде есепке дайындықпен өтеді. Нақты жобамен айналысатын уақыт екі жарым жылға жуық қана. Ал өзге елдерде бұл жағы жақсы реттелген. Зерттеушілер үшін тұтас жыл бойы жобамен айналысуға мүмкіндік береді. Бізде де сондай болғаны дұрыс. Өз жобамызға келер болсақ, уақыттың осындай тапшылығына қарамастан, жоспардағыдай Scopus деректер базасында индекстелген ғылыми журналдарда 8 мақала, екі монография, бір оқу құралы және одан тыс ҚР



ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдар тізіміне енетін, сондай-ақ халықаралық ғылыми конференциялар мен өзге де ғылыми журналдарда көптеген мақала, баяндама және сұхбат жарық көрді. Алдағы 25 қыркүйек күні жобаның аяқталуына орай нағыз халықаралық деңгейдегі конференция өтпекші. Оны «нағыз» деп айтып отырған себебім, Шығыстану саласында танымал шетелдік ғалымдар, Ватикан қала мемлекетінен және Ватиканның Қазақстандағы елшілігінен жауапты тұлғалар, министр Саясат Нұрбек және отандық әйгілі ғалымдар қатысады деп күтілуде. Төктерін айтсақ, жобамызды жоспарлағаннан артық орындалдық деп сеніммен айта аламын.

Жалғасы 5-бетте



АНКАРА ЖҰРТЫ МАНАРБЕК ЕРЖАНОВТЫ ЕСКЕ АЛДЫ

МАНАРБЕК ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІБИ ТЕАТР ЖӘНЕ МУЗЫКА ӨНЕРІ ҚАЛЫПТАСҚАН ТАРИХИ КЕЗЕҢНІҢ БЕЛ ОРТАСЫНДА ЖҮРГЕН ӨНЕРПААЗ.

1928 жылдан Қазақ драма театрында еңбек етіп, сахна өнеріне араласты. Ал 1934 жылы қазақтың тұңғыш операсы – Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібегі» сахналанғанда Манарбек Ержанов алғашқы Шеге бейнесін сомдады.

Манарбектің тағы бір үлкен қыры – композиторлығы. Оның композиторлық шығармашылығы кәсіби ортада да мойындалды. Манарбек Ержанов Қазақстан Композиторлар одағының алғашқы мүшелерінің бірі болды. Бұл деректің өзі оның сол кезеңде орындаушы ғана емес, композитор ретінде де танылғанын көрсетеді.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ ЖАРҚЫНБЕК АМАНТАЙҰЛЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ. КЕЗДЕСУЕ АСТАНА, АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫ МЕН Өңір Тұрғындары онлайн және офлайн форматта 10-нан астам қазақстандық сауалдары мен ұсыныстарын жеткізді.

Құрылтай депутаты Гүлзира Атабаева «Әділет» партиясының республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдады. Депутатқа онлайн және офлайн форматта 10-нан астам қазақстандық сауалдары мен ұсыныстарын жеткізді.

Қабылдау барысында білім беру, еңбек қатынастары және несие алу мәселелері көтерілді. Атап айтқанда, мектептегі білім сапасын арттыру, педагогтерге психологиялық қолдау көрсету және несие алуды қолжетімді ету жөнінде ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар азаматтар сот шешімдерін орындау, мемлекеттік органдардың жұмысы және әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша да өз сауалдарын ортаға салды.

Елорда тұрғыны Айдын Тұрлыбеков депутатқа бала күтіміне байланысты де-



малыс алу мәселесі бойынша жүгінді. Оның айтуынша, жұмыс берушілер жалқысы жұбайының табысынан жоғары екенін алға тартып, демалыс беруден бас тартқан. Азамат мұндай шешімнің заңдылығына күмән келтіріп, ер адамның бала күтіміне байланысты демалыс алуға құқығы бар-жоғын анықтап беруді сұрады.

– Мен Адам құқықтары жөніндегі үкілге де жүгіндім. Олар маған бұл мәселені қарамайтынын, себебі менің ер адам екенімді айтты. Сондықтан ер адамның бала күтімі үшін демалыс алу құқығына қатысты мәселені заң тұрғысынан анықтауды сұраймын, – деді Айдын Тұрлыбеков.

Гүлзира Атабаева мәселені толық қарау үшін азаматтан қажетті құжаттарды жолдауын өтінді. Депутат тиісті мемлекеттік органдарға ресми сауал жолдап, жауаптар негізінде жағдайды жан-жақты қарайтынын жеткізді. Сондай-ақ мәселенің оң шешім табуы үшін қажетті қолдау көрсетуге бар күшін салатынын жеткізді.

– Азаматтардан әртүрлі сипаттағы ұсыныстар түсті. Біз олардың әрқайсысын қарап, талдап, жүйелейміз. Мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сұрау жолдап, бақылауға аламыз, – деді Гүлзира Атабаева.

«ЖАСТАР РУХЫ» ЖАСТАР ҚАНАТЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АКЦИЯНЫ БАСТАДЫ



КӨКШЕТАУДА «ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ЖИЫНДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҒЫЛЫМ МЕН БИЗНЕСТЕГІ ОРНЫ, ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, КӘСІБИ ДАМУ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБИЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ.

«Әділет» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты қолға алған республикалық «Қауіпсіз қала» бастамасы төтенше жағдайлардың алдын алуға деген қоғам көзқарасын түбегейлі өзгертуге бағытталып отыр. Жоба көшелер мен тұрғын үй алаптарындағы қауіп-қатерлерді қайғылы жағдайға әкеліп соқтырмай тұрып анықтап, жою мақсатында өткізілуде.

Науқан аясында белсенділер мен құтқарушылар қалалық инфрақұрылымды тексеріп, жылыту жүйелерін қарап, қауіпсіздік құралдарын орнатуға көмектесуде. Қауіпсіз орта тұрақты жұмыс жүргізу арқылы қалыптасады. Ал күн суытып, жылу беру маусымы басталған кезде қауіптің алдын алу мәселесі өте өзекті болмақ.

Мәселен, Абай облысында «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері құтқарушылармен бірге жылу беру маусымындағы қауіпсіздік ережелерін тұрғындардың есіне салды. «Жастар Рухы» жастар қанаты Абай облыстық филиалының төрағасы Темірлан Бақтияров осы

кезенде профилактикалық жұмыс жүргізу мәселесі нәтижесінен аса маңызды екенін түсіндірді.

«Ереже сақтау – өмірдің ажырамас бөлігіне айналуы қажет. Әсіресе, жылу беру маусымында қарапайым талаптарды еле-меуді өзі ауыр зардап әкелуі мүмкін. Сондықтан жастарды қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға белсенді атсалысатын күш ретінде көріміз келеді», – деді ол.

Көкшетау қаласында партияластар қалалық инфрақұрылымға назар аударды. Белсенділер төтенше жағдайлар қызметінің мамандарымен бірлесіп, ашық қалған құдықтарды, жалаңаштанған электр сымдарын және қауіпті шұңқырларды анықтау мақсатында көшелерде тексеру жүргізді. Тұрғындар қауіпсіздігі қарапайым мәселелерге көңіл бөлуден басталады.

Атырау облысында тұрғын үйлерде, соның ішінде әлеуметтік жағдайы осал отбасылардың баспаналарында рейд жүргізілді. Құтқарушылар түтін таралуын ескертетін құрылғы орнатуға көмектесіп, қарапайым қауіпсіздік талаптарының сақталмауы өрт тұтануына себеп болатынын атап өтті. Негізгі қауіп-қатерлер – пештегі ақау, электр желілеріндегі шамадан тыс жүктеме және балалардың қараусыз қалуы.

Ал Өскемен қаласында құтқарушылар, уәкелелік полиция инспекторлары және жастар қауымы аулаларды аралап, пәтерлерді тексерді. Акцияға қатысушылар газ жабдықтарының жай-күйіне зер салып,

түтін таралуын ескертетін құрылғылар орнатты. Алматы қаласында да жеке секторды аралау жұмысы жүргізілді. Партия өкілдері әлеуметтік жағдайы осал азаматтардың тұрмысымен танысып, түтінге улану қаупі жоғары болғандықтан, желдету жүйесін үнемі тексеріп отыру қажет екенін еске салды.

Қызылорда облысында Сырдария өзені жағалауы аймағына баса назар аударылды. Балық аулау мен табиғат аясында демалу кезеңі басталғандықтан, судағы жазатайым оқиғалар мен табиғи өрт туындау қаупі арта түседі. Құтқарушылар тұрғындарды жағалаудың тайғақ учаскелерінде және ағысы қатты тұстарда аса сақ болуға шақырды.

Қарағанды қаласында белсенділер тұрғындарға электр құрылғыларын пайдалану ережесі туралы ақымды түсіндіру жұмысын жүргізді. Қостанай облысында құқық бұзушылықтардың алдын алу және компьютерлік клубтарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау мақсатында полиция қызметкерлері мен жастар қауымы түнгі рейд жүргізді.

Түркістан облысында партияластар мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне барып, жеке сектордағы газ қауіпсіздігі жағдайын тексерді. «Жастар Рухы» жастар қанаты Түркістан облыстық филиалының төрағасы Еркебұлан Мадиярұлы атқарылған жұмыс туралы айтып берді.

«Біз қауіпсіздік мәселесі туралы көп айтамыз. Алайда бұл сөздің шынайы мәнін өрт сөндірушілердің жұмысымен танысқан кезде барынша терең түсінесің. Олардың әрбір әрекеті адам өмірімен байланысты», – деді ол.

Шымкент қаласында «Әділет» партиясының жастары өрт сөндіру пиданттарының техникалық жағдайын тексерді. Тек әл-Фараби ауданында шамамен осындай бес жүз нысан бар.

«Қауіпсіз қала» акциясы еліміздің барлық өңірінде жалғасып жатыр. Осылайша, еліміздегі көшелер мен тұрғын-үйлердің қауіпсіздігі арта түсуде. «Әділет» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты белсенді жастармен бірге барлық анықталған мәселені толық жойылғанға дейін бақылауда ұстайды.

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН КЕНТАУ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІНДЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ АЯСЫНДА ӘЙЕЛ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА ОБЛЫСТЫҚ ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ МҮШЕЛЕРІ ҚАТЫСЫП, «ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖАС ТОЛҚЫНҒА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.

ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ ҒЫЛЫМҒА ҰМТЫЛҒАН ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Кездесудің ашылуына қатысқан партияның Түркістан облыстық филиалы төрағасының орынбасары, облыстық Әйелдер қанатының жетекшісі Қалыма Жантөреева ғылымға келген әрбір жаңа буын – мемлекеттің зияткерлік әлеуетін қалыптастыратын күш екенін айтты.

– Елімізде 1 қазан – Жоғары білім қызметкерлерінің күні ретінде кеңінен атап өтіледі. Оның басты мәні – елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырып, жас ұрпаққа сапалы білім беріп, ғылымның дамуына үлес қосып жүрген азаматтардың еңбегін дәріптеу. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша кейінгі бес жылда ғылымға бөлінетін қаржы көлемі алты еседен астам өсті. Ғылыми ізденіспен айналысатын жастарға гранттар қарастырылып, халықаралық тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік жасалды. Кейінгі үш жылда 600-ден астам жас ғалым баспанамен қамтамасыз етілді, – деді Қалыма Жантөреқызы.

Облыстық Әйелдер қанатының жетекшісі ғылымдағы әйелдердің орны мен рөліне ерекше тоқталып, қазір елімізде ғылыммен айналысатын әйелдердің саны 12 мыңға жуық екенін айтты. Әйел ғалымның еңбегі ғылымға қосылған үлеспен қатар, ұрпақ тәрбиесіне, білім беру сапасына, ғылыми мәдениетті қалыптастыруға және қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға қосылған үлес деп бағалады. Ғылымдағы әйелдердің жетістігін кеңінен таныту – олардың еңбегін бағалау ғана емес, жас ұрпаққа үлгі көрсету деп байыптады. Жиын барысында облыстық Әйелдер қанатының «Ғылымдағы әйелдер» бағыты бойынша Түркістандағы Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен бірлесіп, ғылыми-практикалық диалог алаңдарын өткізу, тәжірибе алмасу және ғылыми орта мен жастар арасындағы байланысты нығайту бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылып отырғаны айтылды.

Кездесуде Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторнаты, «Аружан» медициналық орталығының директоры Мақпал Амантай, кафедра меңгерушілері, тех-

ника ғылымдарының кандидаты Зағипа Абдикулова, PhD Балнұр Омарова, PhD, аға оқытушы Динара Берді, осы университеттің инженерия факультетінің деканы, доцент Гүлнұр Казбекова, Компьютерлік инженерия кафедрасының аға оқытушысы, PhD Айгерім Баймаханова өз тәжірибелерімен бөлісті. Ғылым жолында жүрген қыз-келіншектер ғылымға келудің мәні тек ғылыми дәреже немесе атақ алуден шектелмейтінін атап өтті. Олардың айтуынша, ғылым – ең алдымен үздіксіз ізденіс, еңбек және жаңа нәрсені білуге деген құштарлық.

Ғалымдар жастарды сұрақ қоюдан, жаңа бағыттарды зерттеуден және өз идеясын жүзеге асыруға талпынудан қорықпауға шақырды. Қазір ғылым мен технологияның қарқынды дамып келе жатқанын ескере отырып, жас буын үшін білімін үнемі толықтырып, заманауи технологиялардың меңгерудің маңызына тоқталды. Әсіресе, қыз балалардың ғылымға қызығушылығын арттыруға назар аударылды. Ғалым әйелдер өздерінің кәсіби жолын мысал ете отырып, отбасы мен қызметті қатар алып жүрудің жауапкершілігіне қарамастан, мақсатқа табандылықпен ұмтылудың нәтижелі болатынын жеткізді.

Жастармен пікір алмасу барысында ғылымдағы жетістік бір күнде келмейтіні, оның артында жылдар бойғы еңбек пен ізденіс жататыны айтылды. Сондықтан жастарға дайын нәтижеге ұмтылудан бұрын, білім алуға, тәжірибе жинауға және өз саласын терең меңгеруге мән беру ұсынылды. Ғалымдардың ортақ ойы – бүтін жастардың мүмкіндігі мол. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, алған білім елдің дамуына жұмсау маңызды. Себебі ғылымға келген әрбір жас – жаңа идеяның, жаңа ізденістің және болашақтағы нақты нәтижелердің бастауы болмақ.

Іс-шараға қатысушылар Кентау көпсалалы колледжінің техникалық жабдықталуы жағдайымен танысып, білім алушыларға жасалған қолайлы мүмкіндіктерді зерделеп, жастардың ғылыми әлеуетін ашу үшін қолға алынған бас-тамалар жөнінде мағлұмат алды.

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ 50-ГЕ ЖУЫҚ АНАСЫ ӨЗ КҮШІМЕН ТОЛЫҚҚАНДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫН АШЫП ЖАТЫР. ТӨРТ ЖЫЛ БОЙЫ ТЕК АТА-АНАЛАРДЫҢ КҮШ-ЖІГЕРІНЕ СҮЙЕНІП КЕЛГЕН БАСТАМАҒА «ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ.

Қала тұрғыны Айжан Смағұлова бірнеше жылдан бері өзге де аналармен бірге церебралды сал ауруына шалдыққан балаларды оңалту жұмысын ұйымдастыруда. Олар ұзақ уақыт түрлі ғимаратты жалға алып, Астанадағы тәжірибелі дәрігер-реабилитологтарды өз қаражаты есебінен шақырып келген еді. Тіпті олар мамандардың үшу және жүріп-

тұрушығындарын да өздері өтеді. Ал жуырда жергілікті кәсіпкер Қазына Байтұғанова оларға кең ғимаратты тегін ұсынды.

Аналар өз күшімен қабырғаларды өктеп, жөндеу жұмысын жүргізді. Алайда жиһаз бен арнайы жабдықтар сатып алатын қаражат қалмады. Олар осы мәселе бойынша «Әділет» партиясының қоғамдық қабылдау алаңына жүгінді.

«Ғимаратты өзіміз жөндедік. Алайда кабинеттерді тренажерлермен жабдықтауға қажет қаражатымыз жоқ. Онсыз да отбасылар балаларды емдеу және күтім жасау ісіне көп шығындалады. Сондықтан көмек сурап келіп отырымыз», – деді Айжан Смағұлова.

«Әділет» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, құқықтық қызмет көрсету орталығының

жетекшісі Дәулет Ізбасарұлы және облыстық Балалар құқығын қорғау басқармасының басшысы Ерлан Бакиров жұмыс көлемін бағалау үшін болашақ орталыққа барды.

«Біз бұл мәселені бір отбасының өтініші ретінде емес, тұтас қоғам үшін маңызды әлеуметтік міндет ретінде қарастырамыз. Орталықты заң талабына сай ресімдеуге, мемлекеттік гранттарға қол жеткізуге көмектесеміз және демеушілер тартуға атсалысамыз», – деді Жандос Базартай.

Мамандар мекемені ресми тіркеуден өткізу жұмысын бастап кетті. Бұл қадам болашақта орталыққа тұрақты мемлекеттік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Іс жүзінде алғашқы көмек те көрсетілді. Дәулет Ізбасарұлы ғимаратты тазалауға және жаттығу жасауға арналған поливалентті төсеніштерді



сатып алуға қажет қаражат бөлді. Сонымен қатар ғимараттың қасбетіне маңдайша жазуы тегін орнатылады.

Бұдан бөлек, қазан айының ортасында қалада қайырымдылық концертін өткізу жоспарлануда. Концерттен түскен барлық

қаражат оңалту тренажерлерін сатып алуға жұмсалады. Орталық толық жабдықталып, өз жұмысын бастағаннан кейін Қызылордадағы ерекше қажеттілігі бар 100-ге жуық бала тұрақты түрде әрі жайлы жағдайда аса маңызды терапия ала алады.

Басы 1-бетте

– Кейбір кісілер: «Біз не үшін өз тарихымызды Батыс архивтерінен іздеуге мүдделіміз, көрші шығыс елдерінің қорларын әлі түткендеп болған жоқпыз ғой?» деп жатады. Бұл пікірге көзқарасыңыз қалай?

– Өте маңызды сұрақ қойып отырсыз. Тарих ешқашан бір халықтың немесе бір мемлекеттің архивінде ғана сақталмайды. Әсіресе, Ұлы дала мен Түркі әлемінің тарихына келгенде бұл қағида айқын көрініс береді. Еуразия кеңістігін мекендеген халықтар Қытаймен де, ислам әлемімен де, Византиямен де, кейін Батыс Еуропамен де саяси, сауда және дипломатиялық байланыста болды. Сондықтан біздің тарихымызға қатысты деректердің Бейжіңде, Тегеранда, Ыстанбұлда сақталуы қаншалықты табиғи болса, Рим, Ватикан, Парижде немесе Лондонда сақталуы да соншалықты заңды. Мына нәрсені баса айтқым келеді: біздің Батыс архивтеріне баруымыздағы мақсатымыз – өз тарихымызды Батыстың көзімен қарап, қайта жазу емес, керісінше, бұрыннан белгілі қытай, араб-парсы, түркі және жергілікті деректерді латын және еуропалық деректермен салыстырып, тарихи шындықтың неғұрлым тұтас бейнесін жасау және осы күнге дейін отандық ғылыми айналымға енгеннен дүниелерді тауып, жинап, сұрыптап кәдесе жарату. Сондықтан біз үшін әлемнің әр түпіріне шашырап кеткен өз тарихымызға қатысты деректерді табу маңызды. Мәселен, әл-Идрисидің қолжазбалары мен карталарының көшірмелері Парижде, Оксфордта, Ыстанбұлда, Каирде, Софида және Санкт-Петербургте сақталған. Бұл бір ғана Орталық Азия тарихына қатысты деректің өзі қаншама елге таралғанын көрсетеді.

– Сіздер жасап жатқан жобаның тақырыбына қарайтын болсақ, басты екіпін Ватиканға түсіп тұр. Ватикан қорларында Түркі әлеміне қатысты қандай деректер кездеседі?

– Ватикан қорларының ерекшелігі – онда діни құжаттармен қатар, ғасырлар бойы қалыптасқан дипломатиялық хат-хабарлар, миссионерлердің мәліметтері, саяхат сипаттамалары, сондай-ақ қолжазбалар мен картографиялық материалдар сақталған. XIII ғасырдан бастап Еуропаның Моңғол империясына қызығушылығы ерекше артып, шығысқа елші жіберіп, солар арқылы Ұла даланың саяси жағдайы, халықтары мен жолдары, қалалар және әдет-ғұрыптар туралы мәлімет жинады. Мұндай деректер мен құжаттар біз үшін, өз тарихымыздың өзгелердің көзімен қағазға түсуі немесе сыртқы бақылаушылардың бірегей куәлігі іспетті маңызды. Біздің оларды зерттеуіміздің құндылығы сол – бізге белгілі шығыстық деректерді қайталау емес, сол тарихи кеңістік туралы басқа өркениеттің көзімен қарау және шығыстық деректердің шынайылығын қайта бір сұрыптау.

Ватиканға келер болсақ, оның кітапханасында бірнеше ғасыр бойы Шығыс халықтарының жазба мұралары жинақталып, сақталып келеді. Олардың қатарында араб, парсы, шағатай, түрік (осман) және армян тілдерінде, сондай-ақ гаршуні жазуымен жазылған сириялық құнды қолжазбалар бар. Мәселен, араб және парсы тілдерінің мамыны, түркі халықтарының мәдениетін, тілі мен тарихын зерттеген италиялық түрколог Этторе Росси (Ettore Rossi) 1953 жылы Ватикан Апостол кітапханасының баспасынан шығарған каталог негізінде түркі дүниесіне қатысты 477 қолжазбаның бар екені анықталды. Бұл қолжазбалар 4-5 қорға жинақталған. Осының ішінде ең көбі – шамамен 359 данасы Vaticani turchi (Ватикан түркі қолжазбалары қорында) сақтаулы. Ал басқалары әкүйсік, кардинал және италиялық банктің негізін қалаушы жеке әулеттердің отбасылық қорынан сатып алынған немесе сыйға алынған. Осы «Ватикан түркі қолжазбалары қорында» сақталған ең аңызға айналған жәдігер: Оғыз-түркі әлемінің бірегей эпосы – «Деде Қорқыт кітабы» (Kitab-i Dede Korkut). «Деде Қорқыт кітабын» Этторе Росси 1950 жылы қордың ішінен тауып ғылыми айналымға енгізген. Ватикан Апостол кітапханасында 189 парсы қолжазбасы сақталған. Сондықтан Ватикан қорын Шығыс пен Батыстың бірнеше ғасырлық интеллектуалдық байланыстары тоғысқан әлемдік қолжазба орталығы деп атауға болады.

– Ортағасырлық Еуропа Ұлы далаға соншалықты қызығушылық танытуының себебі неде?

– Қызығушылық танытудан бұрын ол туралы білу керек қой. Олар алғашында Ұлы даланы Еуропа үшін әскери қауіп және мүлде жат «өзге әлем» ретінде қабылдады. Бірақ тікелей байланыс көбейген сайын, картина күрделеніп, түркі әлемінің өзіндік әлеуметтік тәртібі, әскери ұйымдасуы, дипломатиялық рәсімдері, саудасы және күнделікті мәдениеті бар екенін танып-білді. Осылайша, оларға деген қызығушылық басталды. Оның басында қауіпсіздік, дипломатия, сауда, дін, жалпы алғанда геосаяси мүдде тұрды. Сондықтан шығысқа елшілер мен миссионерлер жіберілді. Олар тек діни міндет атқарған жоқ, қазіргі тілмен айтсақ, географиялық, этнографиялық және саяси ақпарат жинаушылардың да қызметін атқарды. Сол қызығушылықтың арқасында бүгін біздің тарихымызға қатысты өте құнды деректер Еуропа қорларында сақталып отыр. Араб географиялық дәстүрінің қалыптасуының өзінде де осындай заңдылық байқалады. X ғасырдағы сипаттамалық географияның дамуына Халифаттың кеңеюі мен әкімшілік басқару қажеттілігімен қатар, құрылық және теңіз саудасы, қажылық және білім беру жүйесі ықпал еткен. Мәселен, Әл-Истахри мен Ибн Хаукаль тек жолдар картасын жасамай, мемлекеттерді, аймақтарды, қалаларды, өзендерді, сауда тауарларын және табиғи жағдайларды сипаттады. Бұл белгілі бір кеңістікке саяси және экономикалық қызығушылық артса, сол кеңістік туралы білім де тереңдей түсетінін көрсетеді. Ұлы дала да Еуразияның шет аймағы емес, Шығыс пен



Қастер САРҚЫТҚАН

ВАТИКАН АРХИВТЕРІ МЕН КАРТАЛАРЫ БІЗ ТУРАЛЫ НЕ АЙТАДЫ?

Батысты байланыстырған дәліз болғандықтан, әртүрлі өркениеттердің назарын өзіне аударды.

– Сіз география ғылымдарының маманысыз. Сондықтан жобада өз мамандығыңыз бағытымен зерттеу жасағаныңыз мәлім. Ортағасырлық еуропалық карталарда Ұлы дала мен Түркі әлемі қалай бейнеленген?

– Өте орынды айтып отырсыз, Менің ғылыми-зерттеу бағытымын қалыптастыруда әр кезеңде алған білімім мен кәсіби дарылымның өзара сабақтастығы маңызды рөл атқарды. Қытайда жоғары білімді география мамандығы бойынша алуым кеңістіктік ойлау, аумақтық үдерістерді талдау және табиғи-қоғамдық құбылыстарды географиялық тұрғыдан зерделеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеруге мүмкіндік берді. Сол кезеңде картографияға ерекше қызығушылық танытып оқыдым. География мамандығында болғандықтан өсімдіктердің аты-жөнін білу үшін латын тілін жақсы оқытты. Кейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында «Экономикалық, әлеуметтік және саяси геог-

танылуы. Ендігі әңгіме – сол тарихи картаны дұрыс «оқи білуде». Мәселен, картадағы бір ғана атаудың өзі біршама мол тарихи ақпарат беруі мүмкін. Сондықтан жай қараған адамға көне карталар – тарихтың үнсіз, өлі суреті, ал дұрыс «оқи» алған адамға ол – сөйлеп тұрған тірі дерек. Бір мысал айтайын, бельгиялық картограф, географ және баспагер, қазіргі заманғы географиялық атластың негізін қалаушылардың бірі Абрахам Ортелийдің (лат. Abraham Ortelius, 1527-1598) 1570 жылы жарық көрген әйгілі Theatrum Orbis Terrarum (Жер шарының театры/бейнесі) атласы әлемдік картография тарихындағы аса маңызды еңбектердің бірі саналады. Атласқа XVI ғасырдағы ағылшын саяхатшысы, көпесі, дипломаты әрі картографы Энтони Дженкинсонның (Anthony Jenkinson, 1529-1611) картографиялық деректері де енгізілген. Энтони Дженкинсон Ресей мемлекеті, Каспий маңы және Орталық Азия бағытында саяхат жасап, сауда, дипломатиялық қызметімен қатар аталған өңірлердің географиялық жағдайы, халықтары мен қоныстары туралы құнды мәліметтер жинаған болатын. Аталған картаның



рафия» бағыты бойынша білім алуым осы географиялық дарылықты жаңа ғылыми деңгейде жалғастыруыма мүмкіндік берді. Кейін ағылшын тілі деңгейімді көтеру мақсатында екі оқу құралын құрастырдым. Екеуі де Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеттің жанындағы Республикалық «оқу-әдістемелік» бірлестіктің ұсынысымен жарық көрді. Кейінгі жылдары латын тіліне қайта бет бұру мақсатында италян тілін оқып, үйреніп, ғылыми әдебиеттерді түсіне-тін деңгейге жеттім. Қорыта келгенде, осы білім мен ғылыми жәжірібенің барлығы аталған жобада географиялық кеңістікті, тарихи топонимдерді, этникалық аумақтарды, қалалар мен сауда жолдарын, саяси шекаралар мен картографиялық бейнелерді кешенді зерттеуге көмекі тиді.

Ал енді тақырыпты өзімнің зерттеп отырған тақырыбым картографияға бұрсақ, көне карталарға қазіргі географиялық картаның өлшемімен қарауға болмайды. Ортағасырлық тарихи карталардың маңызын төмен санау дұрыс емес. Олар тек кеңістікті көрсетуші құрал ғана емес, сол заман адамдарының қоғамдық түсінігі, географиялық кеңістікті қабылдауының моделі. Венециялық, италиялық және кейінгі еуропалық карталардан Қара теңіз, Каспий маңы, Дешті Қыпшақ, Орталық Азия бағыттары, ондағы қалалар, өзендер, халықтар мен саяси құрылымдарға қатысты көптеген атаудың кездесуі. Ең маңыздысы – Ұлы даланың Еуропа картографтары үшін мүлде белгісіз «ақтаңдақ» кеңістік емес, қалалары, жолдары, халықтары және саяси орталықтары бар Еуразиялық кеңістіктің бір бөлімі ретінде

даланылғаны, соның нәтижесінде картографияның империялық саясатпен астасқаны да белгілі. Осы тұрғыдан келгенде «Бұл қала немесе мемлекет картаның қай жерінде?» деген сұрақтан гөрі, «Бұл картаны кім жасады, нені көрсеткісі келді? Нені жасырып қалды, неге дәл осылай бейнеледі?» деген сұрақтар әлде қайда маңызды болмақ. Сол үшін де картаны ашық және жасырын мәліметтер сақталған айрықша дерек көзі ретінде қарауымыз және оқуымыз қажет. Сол үшін біздің жоғары оқу орындарында тарих мамандығында оқитын студенттерге картография сабағын оқытты ма, ол жағын нақты білмеймін, алайда «оқытпайды-ау» деген күмәнім басым. Мұқият оқыту керек. Мен бір сөзімде Қытай картографияны жақсы оқытатынын айтқан болатынмын, шындығында біз бір оқу жылы бойы картографияны оқыдық. Ол өз алдына бір ғылым, оны тарихшылардың меңгергені дұрыс.

– Көне карталардағы топонимдер Қазақстанның тарихи географиясын зерттеуге қандай үлес қосады?



тық мүдде тұрғысынан түткендеуге мүмкіндік туады. Әсіресе, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласы тарихтың жаңғыруына тың серпін әкелді. Бүгінгі міндетіміз – осы шетелдің қазыналарынан әкелген деректерді тек аударып қана қоймай, оларды өз ғылыми методологиямызбен зерттеп, салыстырып, әлемдік тарих контекстінде қайта пайымдау. Меніңше, ғылымдағы интеллектуалдық тәуелсіздік деректі кім жазғанынан емес, оны кім және қандай әдіспен түсіндіретінінен көрінеді. Иә, түркі халықтары туралы қытай, араб, парсы, латын, орыс және басқа тілдерде көптеген сыртқы дерек бар. Бірақ мұны «тарихымызды өзгелер жазды» деген өкпе деңгейінде қабылдамау керек. Керісінше, бұл Түркі әлемінің Еуразиядағы тарихи үдерістерге қаншалықты терең араласқанын көрсетеді. Мысалы, Ибн Хордадбек еңбегінде тоғыз оғыздар, кимектер, оғыздар, печенектер, түргештер, қыпшақтар, қырғыздар, қарлұқтар және басқа да халықтар мен олардың географиялық кеңістігіне қатысты құнды мәліметтер бар. Біз оларды өз кезегімізге сай пайдалануымыз керек. Ал Ибн Хордадбек секілді ғалымдар қаншама! Бүгінде сол деректі кім, қандай әдіспен және қандай ғылыми сұрақ негізінде оқиды, негізгі мәселе – осы.

– Батыс архивтерінде біз әлі білмейтін қазақ тарихына қатысты ғылыми материалдар бар ма? Егер Ватикан мен Батыс Еуропадағы Түркі әлеміне қатысты деректер жүйелі түрде жинақталса, тарихымыздың бізге белгісіз беттері ашылуы мүмкін бе?

– Ежелгі көшпенділер Еуразия кеңістігінде теңдессіз мәдениеттің иесі болды. Олардың адамзаттың өркениетіне қосқан үлесін ауыз толтырып, жан-жақты мысалдармен айтуымызға болады. Сондықтан Батыс архивтерінде біз әлі білмейтін қазақ тарихына қатысты ғылыми материалдардың жатуы өбден мүмкін. Бірақ оның қаншалықты маңызды, қаншалықты тың, жаңа дүние екенін зерттемей тұрып болжау мүмкін емес. Мұнда маңызды бір мәселе, ортағасырлық еуропалық құжаттардан бүгінгі «Қазақстан» деген атауды іздеу басы артық дүние. Біздің қазіргі территориямыз бен тарихи кеңістігіміз ол кезде Дешті Қыпшақ, Татария, Моғолстан, Қазақ хандығы, Түркістан, Алтын Орда және басқа тарихи-географиялық атаулар арқылы аталып келді. Сондықтан кейде ғылыми тұрғыда жаңалық деген ұғымды мүлде белгісіз, тосын бір құжатты табу емес, бұрыннан белгілі құжатты Қазақстан мен Түркі әлемінің ұлттық тарихы тұрғысынан жанаша қайта танып-білу мен оқу деп қабылданғаны жөн.

Ал түркі әлеміне қатысты деректер жүйеленсе тарихымыз қалай болады? Менің ойымша, ең үлкен нәтиже «сенсациялық құжат» табудан немесе монография жазудан тұрмайды. Негізгі нәтиже – Түркі әлемінің Еуразия тарихындағы орнын тұтас әрі жан-жақты бейнелеп беруде. Егер Ватикан, Италия, Франция, Ұлыбритания және басқа елдердегі жазба, картографиялық және дипломатиялық материалдарды бір ғылыми базаға жинап, оларды шығыс деректерімен салыстырсақ, Ұлы даланың Еуропамен байланысының біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі әрі терең болғанын анық көрер едік. Бұл жерде цифрландырудың да маңызы зор. Болашақта осындай материалдардың Қазақстанда бірыңғай «Батыс деректеріндегі Түркі әлемі» цифрлық корпусын қалыптастыруға негіз болғанын қалар едім. Сонда біздің міндетіміз архивтен құжат тауып, мақала жариялаудан аяқталмайды. Біз келесі буын зерттеушілеріне қара деректік инфрақұрылым қалдырамыз. Біздің 2024-2026 жылдары арасында атқарған «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» атты ғылыми жобамыздың да түпкі мақсаты да осы идеямен сабақтасты.

– Тұшымды әңгімеңізге көп рахмет.

Сұхбаттасқан
Т.ТАҢЖАРЫҚ

АНКАРА ЖҮРТТЫ МАНАРБЕК ЕРЖАНОВТЫ ЕСКЕ АЛДЫ



АРҚАНЫҢ АСҚАҚ ӘНІ АНАДОЛЫ ТӨРІНДЕ ӘУЕЛЕДІ. ҚОҢЫР ДОМБЫРАНЫҢ КҮМБІРІ АНКАРА АСПАНЫНДА ЖАҢҒЫРДЫ. ТҮРКИЯ АСТАНАСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ АРТИСІ, ӘНШІ, КҮЙШІ, КОМПОЗИТОР ӘРІ АКТЕР МАНАРБЕК ЕРЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН «ДАРХАН ДАЛАНЫҢ ДАРА ДАУЫСЫ» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ ӨТТІ.

Анкарадағы кеш ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі және Қарағанды облысының бірлесуімен өтті.

Кеште ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев, Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі әрі Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі Еркебулан Сапиев, Қарағанды облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы, түркі дүниесіне таныпал тұлға Дүйсен Қасейінов сөз сөйлеп, Манарбек мұрасының маңызына тоқталды. Тағылымды да мазмұнды іс-шарада Манарбектің әні айтылып, күйлері тартылды.

Манарбек Ержанов 1901 жылы Сарыарқаның ән мен күйге бай Ақтоғай өңірінде дүниеге келген.

Халық әндерін, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Естай тәрізді әнші-композиторлардың туындыларын орындағанда да ол әнді жай қайталаушы болған жоқ. Әр шығарманың табиғатына бойлап, өзіндік бояумен жеткізе білді. Арқаның кең тынысты, биік шырқалатын әндері оның орындауында өзгеше ажар тапты.

Манарбектің әншілік қуаты өз дәуірінің ірі музыкатану қайраткерлерінің де назарын аударғаны белгілі. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде ол «Қыз Жібек» операсындағы Шеге бейнесін сомдады. Сол сапардан қалған естеліктерде әйгілі музыка зерттеушісі, композитор Борис Асафьевтің Манарбектің өнеріне ерекше сүйсініп, «Этот певец принес бескрайнюю казахскую степь на сцену Москвы!» (Бұл әнші қазақтың ұлан-ғайыр даласын Мәскеу сахнасына алып келді!) депті.

Сол Шеге айтқан асқан әуен араға тоқсан жылға жуық уақыт салып Манарбектің 125 жылдығына арналған кеште Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сержан Мұсайынның «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен Анкара төрінде шырқалды.

Манарбек туралы сөз болғанда оның әншілігі көбірек айтылады да, күйшілігі кейде тасада қалып қояды.

Белгілі күйші Қайрат Айтбаев бір мақаласында: «Бір жылдары белгілі күйші, өнер зерттеушісі Базаралы Мүптекеев ағамыз бастап Қарағанды өңіріне фольклорлық экспедицияға шыққан едік. Ағадыр, Шеге, Жаңадарқа, Ақтоғай өңірлерін аралап, ел ішінде сақталған ән-күйлерді жинап, көне-көз қариялардың әңгімесін таспаға түсірдік.

Сол сапарда ауылдың шежірешісі, күйші Сәнеке Сағындықұлы ақсақалмен жүздестік. Тоқсанды алқымдаған қария күйді бұрынғыдай бабына келтіре алмаса да, зердесі серкеп, айтқан әңгімесі мағыналы еді.

Сөз арасында Манарбек Ержановпен дос болғанын айтып отырды.

Бірде Сәнеке ақсақал әншілік пен күйшілікті қатар ұстанған Манарбекке:

– Ән салған ауыр ма, күй шерткен ауыр ма? – деп сұрапты.

Сонда Мәкен:

– Әнді сыртқа шығарып айтасың, күйді іште толғайсың, күй тартқан ауыр, – деген екен», – деп келтіреді.

Осы бір ауыз сөздің өзінде қаншама сыр жатқандай.

Күйді «іште толғау» – күй табиғатын сыртқы шеберліктен емес, адамның ішкі жан дүниесінен іздеу. Манарбек үшін күй саусақтың жүрісі мен қағыстың жылдамдығы ғана болмаған. Ол әуелі адамның ішінде пісіп, көңілінде қорытылып барып домбыраның қос ішегіне көшетінін меңзегендей.

Ол өз жанынан көптеген күй шығарған. Манарбек күйлеріне кәсіби тұрғыдан назар аударғандардың бірі – академик Ахмет Жұбанов. Ғалым оның күйшілік мұрасын

қаңқылдатып отырады. Манарбекте бұл қасиет әсіресе ән сүйемелінен анық байқалады. Домбырасы әннің соңынан жай ілесіп отырмайды. Әншімен бірге тыныстап, бірге көтеріліп, бірге шалқиды.

Манарбек қазақтың кәсіби театр және музыка өнері қалыптасқан тарихи кезеңнің бел ортасында жүрген өнерпаз.

1928 жылдан Қазақ драма театрында еңбек етіп, сахна өнеріне араласты. Ал 1934 жылы қазақтың тұңғыш операсы – Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібекі» сахналанғанда Манарбек Ержанов алғашқы Шеге бейнесін сомдады.

Манарбектің тағы бір үлкен қыры – композиторлығы. Оның композиторлық шығармашылығы кәсіби ортада да мойындалды. Манарбек Ержанов Қазақстан Композиторлар одағының алғашқы мүшелерінің бірі болды. Бұл деректің өзі оның сол кезеңде орындаушы ғана емес, композитор ретінде де танылғанын көрсетеді.

«Аманелді», «Бақыт жыры», «Қуанамын», «Қойшының әні», «Әнші Біржанға», «Сайра, бұлбұл», «Шегенің термесі» тәрізді әндері оның композиторлық қырын танытады.

Ең маңыздысы – бұл шығармалардың біразы кейінгі әншілердің репертуарына еніп, бүгінгі сахнада орындалып келеді.

Өнер туындысының шын өміршеңдігі де осымен өлшенсе керек.

Манарбек мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізіп жүрген әншілердің бірі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов. Ол ұзақ жыл бойы Манарбек шығармаларын жинап, орындап, насихаттап келеді. Манарбектің әндері мен күйлерін топтастырған «Бақыт жыры» жинағының жарық көруі де осы мұраны кейінгі буынға табыстау жолындағы еңбек.

Анкарадағы мерейтойда Дәуренбек Әрқеновтің Манарбектің «Бақыт жыры» әнін орындауының да мәні осында. Белгілі қобызшы Байқара Сәдуақасовтың жетекшілігімен ансамбль сүйемелдеуімен Ермек Нұрлытаң, Гүлмира Тапай сынды әншілер сахнаны әнге бөледі.

Сержан Мұсайын орындаған Шегенің ариясы арқылы Манарбектің әншілік-актерлік мұрасы жаңғырса, «Бақыт жыры»



Манарбек мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізіп жүрген әншілердің бірі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов. Ол ұзақ жыл бойы Манарбек шығармаларын жинап, орындап, насихаттап келеді. Манарбектің әндері мен күйлерін топтастырған «Бақыт жыры» жинағының жарық көруі де осы мұраны кейінгі буынға табыстау жолындағы еңбек.

жоғары бағалап, шығармаларын «бірінен-бірі асып жатқан қазына» деп бағалаған.

Манарбектің әншілігі мен күйшілігінің тоғысатын бір тұсы бар. Ол – домбыра сүйемелі.

Оның ән сүйемеліне құлақ түргенде Мағауия Хамзиннің күйшілігі еріксіз еске түседі. Мұны жай ғана екі домбырашының қағысындағы ұқсастық деп қарау аздық ететіндей. Екі өнерпаздың да өсіп-өнген ортасы – Ақтоғай, Тоқырауын бойы. Сондықтан олардың өнеріндегі үндестіктің тамырын туған топырақтан іздеген жөн секілді.

Күйтанушылардың айтуынша, Манарбек пен Мағауияның домбыра қағысында осы өңірге тән бір ерекшелік бар. Екеуі де домбыраны тыңқылдата тартып, қаздай

мен «Сайра бұлбұл» сынды туындылар арқылы Манарбектің композиторлық қырын түркі жұртына танытты.

Осындай өнерпаздың 125 жылдық мерейтойының Анкарада, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының төрінде аталып өтуінің өзіндік мәні бар.

Дәстүрлі өнерміз үшін мәні зор іс-шара мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновтің бастамасымен жүзеге асты. Нәтижесінде, Ақтоғайда туып, Арқа әншілік-күйшілік дәстүрін үлкен сахнаға алып шыққан Манарбектің мұрасы Анадолы төрінде жаңғырды.

Т.ӨСКЕНБАЙ

Астанада бірегей дата-орталық кампусы салынып жатыр



Кеше нысанда БАҚ өкілдеріне арналған алғашқы жабық техникалық баспасөз туры өтті. Журналистерге құрылыстың қазіргі кезеңі, энергетикалық инфрақұрылым және болашақ дата-орталықтың мүмкіндіктері таныстырылды. Қазір кампуста алғашқы DC-1 модулінің жалпы құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Инженерлік жүйелерді монтаждау кезеңі басталған. Қосалқы стансаға қажетті негізгі электр жабдықтары орнатылып, нысанға жеке электр желісі тартылған.

Жобаның алғашқы кезеңін 2027 жылы іске қосып, алғашқы ірі клиенттерді орналастыру жоспарланып отыр. Ал кампустың барлық төрт модулі толық іске қосылғанда, мұнда 4 мыңнан астам серверлік сөре орналастырылады.

Компания өкілдерінің айтуынша, дата-орталықтың негізгі бағыты – бұлтты сервер, жоғары өнімді есептеулер және жасанды интеллект технологияларына қажетті инфрақұрылымды ұсыну.

– Дүниежүзілік тәжірибеге қарасақ, Орталық Азия нарығында деректерді өңдеу орталықтары бойынша үлкен мүмкіндік бар. Осы нарықтағы бос кеңістікті дәл осы дата-орталықтар тоитыра алады. Өйткені IT-инфрақұрылымды дамыту үшін, ең алдымен, заманауи деректерді өңдеу орталықтарын салу қажет. Бұл елімізге үлкен экономикалық пайда әкеледі. Шетелдік IT-компаниялар Қазақстанға келіп, өз жобаларын орналастырса, жаңа инвестициялар тартылып, экономиканың дамуына серпін береді, – деді Akashi Data Center коммерциялық директоры Ерасыл Аюбеков.

Жобаның алғашқы DC-1 модулінің жобалық құжаттамасы Uptime Institute халықаралық ұйымының Tier IV Design стандарты бойынша сертифицикатталған. Бұл дата-орталықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге арналған резервтік жүйелер қарастырылғанын білдіреді.

Кампустың кейінгі модульдерінің бірі жоғары тығыздықтағы жасанды интеллект есептеулеріне бейімделмек. DC-4 модулінің IT-жүктемесі 30 МВт-қа дейін есептелген және онда сұйықтықпен салқындату технологияларын қолдану жоспарланған.

Жоба өкілдерінің айтуынша, жаңа дата-орталықтың іске қосылуы халықаралық технологиялық компаниялардың Қазақстан нарығына келуіне және елдегі цифрлық инфрақұрылымның дамуына қосымша мүмкіндік береді.

Алматыда жеткізуші роботтар мен жүргізушісіз көлік технологиялары тестілене бастады

Алматыда жүргізушісіз көлік технологияларын одан әрі дамыту үшін қажетті жеткізуші роботтар мен автокөліктік картографиялау технологияларын іске қосу рәсімі өтті. Іс-шараға Премьер-Министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жасұлан Мәдиев, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Көлік вице-министрі Дамир Қожахметов, Құрылтай депутаттары Екатерина Смышляева мен Абай Алтай, сондай-ақ бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысты.

Іс-шара аясында жеткізуші роботтың көмегімен алғашқы тапсырыс рәсімделді. Yandex Qazaqstan өкілдері технологияның қалалық ортада жұмыс істеу тәртібін көрсетті.

– Робот жергілікті жерде өздігінен бағдарланып, қозғалыс бағытын құрады, кедергілерді анықтап, қауіпсіз қозғалыс траекториясын таңдайды. Сондай-ақ роботтың бағдаршамдармен өзара әрекеттесуі, жолды кесіп өтуі және қалалық инфрақұрылымда қозғалысы көрсетілді, – делінген хабарламада.

Келесі кезеңде картографиялау көлігін іске қосу жүзеге асырылды. Арнайы жабдықталған автомобильдер Алматы көшелерімен қозғалып, қаланың жоғары дәлдіктегі цифрлық картасын жасауға кірісті.

Мұндай карта жүргізушісіз көлікті, оның ішінде роботакси технологиясын одан әрі дамыту үшін қажет. Автомобильдер сенсорлар кешенімен жабдықталған. Қозғалыс барысында олар жол таңбалары, бағдаршамдар, жол белгілері, қиылыстар және басқа да нысандар жөніндегі деректерді жинайды.

Жиналған ақпарат негізінде жол қозғалысы ортасының егжей-тегжейлі цифрлық моделі қалыптастырылады. Ол алдағы уақытта жүргізушісіз көлік жүйелерінде пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстанда автономды көлікті енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру қағидалары қалыптастырылды. Олар мұндай технологияларды нақты жағдайда сынақтан өткізуге және сонымен қатар оларды реттеу тәсілдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Алматының жоғары дәлдіктегі картасын жасау – қажетті технологиялық инфрақұрылымды қалыптастыру кезеңдерінің бірі.

Қазақстанда автономды көлікті дамыту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Негізгі назар технологияларды тестілеуге, қозғалыстың нақты сценарийлерін талдауға және реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталады. Жаңа шешімдерді енгізудің басты шарты – адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

СЫРҒА ЖАҢА КӨПІР САЛЫНАДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ТАҒЫ БІР ҮЛКЕН ЖОБА БАСТАУ АЛДЫ. ҚАЛАНЫҢ ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУТУДА ӨТЕ МАҢЫЗДЫ САНАЛАТЫН БҮЛ ЖОБА – И.ТОҚТЫБАЕВ КӨШЕСІНЕН СЫРДАРΙΑ ӨЗЕНІ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ЖАҢА КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ.

Жұырда ғана нысанның қапсуласын салу рәсімі өтіп, оған облыс әкімі Мұрат Ерешбаев, Құрылтай депутаттары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен сала мамандары қатысты.

Аймақ басшысы өңірде инфрақұрылымды жаңғырту және халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асып жатқанын атап өтті.

– Бүгін сіздермен бірге тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Сырдария өзені арқылы өтетін жаңа көпір қапсуласын салу жаңа нысан құрылысына ғана емес, аймақ дамуының жаңа белесіне бастау болмақ, – деді облыс әкімі.

Рәсімде Құрылтай депутаты Серік Салауатұлы мен қоғам және мемлекет қайраткері Мұрат Бақтиярұлы сөз сөйлеп, қолға алынған жобаның сәтті жүзеге асуына тілектестік білдірді.

Ең маңызды нүктеде көлік қатынасын реттейтін жаңа көпір – уақыт талабы мен халық сұранысынан туындаған маңызды жоба. Оның құрылысын «ВД Строй Инжиниринг» компаниясы жүргізеді. Көпір ұзындығы – 338 метр, ені – 23 метр.

Жалпы, қала іргесіндегі Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстары қазір қарқынды жүріп жатыр. Жағалауда екі жолақты жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынуда. Өзгеше күйге енген жағалау су тасқынынан қорғану ғана емес, жарасым әрі тұрғындар үшін жайлы демалыс аймағы саналады.



АЛМАТЫДА ҚАЛА КҮНІ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

19-20 ҚЫРКҮЙЕК КҮНДЕРІ АЛМАТЫДА ҚАЛА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАР ӨТТІ. БАҒДАРЛАМА ҚАЛАНЫҢ ОРТАЛЫҒЫМЕН ҚАТАР БАРЛЫҚ СЕГІЗ АУДАНЫН ҚАМТЫДЫ. ЕКІ КҮН ІШІНДЕ КОНЦЕРТТЕР, ФЕСТИВАЛЬДЕР, КӨРМЕЛЕР, КІТАП ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ, СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. РЕСМИ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША, ІС-ШАРАЛАРҒА МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚАЛА ТҮРҒЫНЫ МЕН ҚОНАҒЫ ҚАТЫСҚАН.

Мерекелік бағдарламаның негізгі жобаларының бірі – Alma Qala Fest фестивалі. Ол 19-20 қыркүйекте Қазыбек би көшесінің Панфилов пен Назарбаев даңғылы аралығында өтті. Фестивальде Алматының тарихы мен мәдениеті таныстырылып, ұлттық дәстүр, шығармашылық индустрия және заманауи мәдениетке арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Фестиваль аясындағы алма жәрмеңкесінде 50 сұрыптағы 250 тоннадан астам алма сатылды. Панфилов көшесіндегі мерекелік кеңістікте балалар, этно, эко, кино, Digital, спорт және Food Court аймақтары жұмыс істеді.

Қала күніне арналған мәдени іс-шаралардың бір бөлігі Панфилов, Жібек жолы, Абай көшелері мен «Астана» алаңында өтті. Мұнда концерттермен қатар кітап жәрмеңкелері, қолөнер көрмелері және цифрлық жобалар ұсынылды.

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МУЗЫКА

Қала күнінің музыкалық бағдарламасында дәстүрлі өнерге де, заманауи эстрадаға да орын берілді.

Абай алаңында «Ән қанатындағы Алматы» атты дәстүрлі музыка кеші ұйымдастырылды. Сахнада Рамазан Стамғазиев, Сәуле Жанпейсова, Еркін Шүкіманов, Ардақ Исатаева және «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі өнер көрсетті. Бағ-

50 мыңнан астам адам келіп, 15 мың данадан астам кітап сатылды. Оқырмандар жаңа басылымдармен танысып, кітап сатып алумен қатар, ақын-жазушылармен кездесіп, әдебиет туралы пікір алмасты.

АЛМАТЫ ТАРИХЫ 3D ФОРМАТЫНДА КӨРСЕТІЛДІ

Қала күнінің заманауи жобаларының бірі – 3D Mapping Show болды. 19-20 қыркүйекте «Астана» алаңында өткен мультимедиялық қойылымда ҚБТУ ғимаратының фасады үлкен экран ретінде пайдаланылды. Шоу барысында Алматының қалыптасуы, даму кезеңдері, қазіргі келбеті мен болашағы жарық, қозғалыс, музыка және цифрлық технологиялар арқылы көрсетілді. Қойылымдар сағат 20:00-22:00 аралығында өтті.

STREET ART AVENUE

20 қыркүйекте Терреңкүр бойындағы Street Art Avenue кеңістігінде көше өнеріне



арналған арт-фестиваль ұйымдастырылды. Жобаға британдық суретші FanaKapa, 310/310 Squad өкілдері, беларусиялық Kontra/ТАКТАК және қазақстандық граффити суретшілері қатысты. Фестивальдің негізгі тақырыбы Алматының символдарының бірі – қар барысы болды.

ІС-ШАРАЛАР СЕГІЗ АУДАНДЫ ҚАМТЫДЫ

Қала күнінің бағдарламасы Алматының барлық сегіз ауданында ұйымдастырылды. Әр ауданда мәдени, спорттық, шығармашылық және отбасылық іс-шаралар өтті.

Мысалы, Алмалы ауданындағы Сайран көлінің шығыс жағалауында жәрмеңке, сурет көрмесі, қолөнер шеберлерінің алаңы, спорттық және балаларға арналған аймақтар, Food Zone жұмыс істеді.

Концерттік бағдарламаға Жеңіс Ысқақова, Құрманғазы атындағы оркестр, Асанәлі Әшімов атындағы театр мен «Шабыт» орталығының өнерпаздары, TALAQ және Kubinos Band қатысты.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

18-20 қыркүйек аралығында ALMA-FEST CIRCUS жобасы өтті. Қазақ мемлекеттік

циркі Наурызбай ауданындағы №221 мектеп маңында шаптық форматындағы бағдарламасын ұсынды.

Үш күнге созылған іс-шарада балалар мен ата-аналарға арналған цирк қойылымдары көрсетілді.

ҚАЛА КҮНІ СЕНБІЛІКПЕН ЖАЛҒАСТЫ

Қала күніне орай мәдени іс-шаралармен бірге жалпықалалық сенбілік те ұйымдастырылды. Оған 50 мыңнан астам адам қатысты.

«Аюсай» визит орталығы аумағында мыңнан астам тұрғын жиналып, 100 қылқан жапырақты ағаш отырғызды. Оның ішінде 50 қарағай және 50 шырыш бар.

Осылайша, биылғы Алматы Қала күні концерттер мен фестивальдерден бөлек, кітап, өнер, спорт, балалар бағдарламасы, көгалдандыру және тазалық іс-шараларын қамтыды.

Екі күндік мерекелік бағдарлама қаланың орталығымен шектелмей, барлық сегіз ауданында өтті. Қала тұрғындары мен қонақтары концерттерге, жәрмеңкелерге, көрмелерге, кітап фестиваліне және басқа да мәдени-спорттық іс-шараларға қатысты.

Ахмет ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ

АРАЛ ӨҢІРІНДЕГІ АУҚЫМДЫ ІСТЕР



Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларымен байланыстырады.

Алайда Аралдағы өзгерісті бір ғана вокзалмен өлшеуге болмайды. Кейінгі жылдары аудан экономикасында жаңа өндірістер бой көтеріп, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым қатар жаңарып келеді. Жыл басынан бері негізгі жеті макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өсім бар. Негізгі капиталға тартылған инвестиция 33,5 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 26 млрд теңгемен салыстырғанда 20 пайызға артқан. Жеке инвестиция көлемі 2,7 есеге өсті. Өнеркәсіп өндірісі 24,5 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 102,9 пайыз болды. Аудандық бюджетке 3,3 млрд теңге түсіп, жоспар 116,2 пайызға орындалды.

Мәселен, Qazaq Camel серіктестігінің құны 3 млрд теңге болатын түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару зауыты іске қосылды. Түйе шаруашылығы ежелден Арал тіршілігімен біте қайнасканын ескерсек, енді дәстүрлі кәсіптің заманауи өндіріс тізбегіне қосылуының маңызы зор. «Тоғыс-Аралотын» серіктестігі 1,8 млрд теңгеге жоғары сұрыпты ас тұзын өндіретін кәсіпорынды іске қосты, сондай-ақ 1 млрд теңгелік мотоцикл құрастыру жобасын жүзеге асыруда. «Эко Энерджи Плюс» көпфункционалды жол бойы кешпінінің алғашқы кезеңін іске қосса, «Алаш Метан» Арал маңынан 600 млн теңгелік автомобиль газ толтыру компрессорлық стансасын ашты. Алда 685 млн теңгелік балық шаруашылығы, құны 8,2 млрд теңге болатын қуаттылығы 30 МВт күн электр стансасы және тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу жобалары тұр. Мұның бәрі аудан экономикасын әртараптандырып, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруға бағытталған.

Ауылдың дәулеті – төрт түлік те аудан экономикасының берік тірегі. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 6,8 млрд теңгені құрап отыр. Ауданда 62 мыңнан астам ірі қара, 96 мыңнан астам қой-ешкі, 61 мыңнан астам жылқы және 38 мыңнан астам түйе бар. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда барлық түлік бойынша өсім бар. Әсіресе, түйе шаруашылығын терең өңдеу

өндірісімен ұштастыру Аралдың табиғи мүмкіндігін жаңа нарыққа шығарудың тиімді жолына айналуды ықтимал.

Арал атауы айтылғанда теңіз тағдыры ойға оралатыны анық. Кезінде әлем назарын экологиялық апатпен аударған өңір енді табиғатты қалпына келтіру мен экотуризмнің жаңа үлгісін көрсетуге ұмтылып отыр. Соның маңызды бағытының бірі – GEOPARK ARAL жобасы. Арал геопаркін ЮНЕСКО-ның жаһандық геопарктер желісіне енгізу арқылы өңірдің табиғи, геологиялық және тарихи мұрасын халықаралық деңгейде таныту көзделген. Жоба экотуризмді дамытуға, экологиялық білімді арттыруға және жергілікті халыққа тұрақты табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік бермек. Жақында халық-



аралық сарапшылар Аралға келіп, геопарк аумағында негізгі бағалау миссиясын өткізді. Жоба мақұлданса, бес туристік нысанды халықаралық деңгейде дамытуға және сырттан қомақты қаржы тартуға мүмкіндік туады. Қазан айында Аралда өтетін GREEN Aral: Volunteers For Life – 2026 халықаралық еріктілер форумы да өңірдің экологиялық мәселелері мен табиғи мүмкіндіктерін әлемдік қауымдастыққа кеңінен танытуға бағытталған.

Ауылдың тұрмысын жақсартуда ауыз судың орны бөлек. Кейінгі екі жылда ауданда

54,4 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 61,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Өткен жылы 12,8 млрд теңгеге төрт жоба жүзеге асып, 318 шақырым ауыз су желісі тартылды. Соның нәтижесінде Абқасты, Тоқабай, Ерімбетжаға және Тастүзке орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылса, биыл Абай елді мекеніне де сапалы су жеткізілді. Тозу деңгейі 80 пайызға жеткен «Арал – Сарыбулақ» топтық су құбырын жаңарту да жалғасуда. 2025 жылы республикалық бюджеттен 5,5 млрд теңге бөлініп, 23 шақырым құбыр жаңартылса, биыл тағы 7 шақырым желі тартылды. Жобаны жалғастыруға Инфрақұрылымды дамыту қорынан 20,5 млрд теңге қарастырылған. Жалпы, жоба құны 43,7 млрд теңгені құрайды.

Тұрғын үй мен инженерлік инфрақұрылымда да ілгерілеу бар. Өткен жылы 2,2 млрд теңгеге салынған 150 пәтерге тұрғындар қоныстанып, жыл соңында екі пәтерлі тағы 30 үй иелеріне табысталды. Биыл әлеуметтік осал топтар үшін 200 пәтердің құрылысы басталды. Аудан халқының 74,3 пайызы табиғи газбен қамтылған. Сексеуіл, Шижаға және Арал қаласының бірқатар аумағына газ жеткізіліп, биыл 5,2 млрд теңгелік автоматтандырылған газ тарату стансасының іске қосылуы арқылы Қамыстыбас көгілдір отынға қосылды. Бұл станса алдағы уақытта тағы 18 елді мекенді газдандыруға мүмкіндік береді. Қосжар, Аманөткел, Бөген және басқа ауылдарды қамтитын жобалар толық жүзеге асқанда аудан тұрғындарының 90,3 пайызы



табиғи газ игілігін көрмек. Арал қаласының №4 мәлтек ауданында құны 557,5 млн теңге болатын көріз желісінің құрылысы да жүргізілуде.

Ауданның келешегіне айрықша ықпал ететін тағы бір бағыт – күре жол. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Кіші Аралды сақтау мәселесімен қатар «Сексеуіл – Бейнеу» автомобиль жолының құрылысы қолға алынды. Құны 780 млрд 285 млн теңге болатын бұл бағытпен бірге «Қызылорда – Сексеуіл» және «Ұлғайсын – Сексеуіл» жолдары салынууда.

Ірі көлік жобаларына қарастырылған қаржы көлемі 1 трлн 300 млрд теңгеге жетеді. Жаңа жолдардың жалпы ұзындығы 1 574 шақырым болса, 800 шақырымдық «Сексеуіл – Бейнеу» жолының 189 шақырымы Арал ауданы арқылы өтеді. Транскаспий халықаралық көлік бағытына жақын орналасқан бұл күретамыр болашақта Аралды Еуропа мен Азия арасындағы ірі логистикалық кеңістікке жакындатып, Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман секілді шалғай елді мекендердің қатынасын жақсартуға тиіс. «Арал – Жаңа-лаш» жолының 26 шақырымын жөндеуге де 1,8 млрд теңге бөлініп, жұмыс жүргізілуде.

Әлеуметтік саланың дамуы да ауданның өзгерген келбетін айқындайды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Арал қаласы мен Сексеуіл кентінде 300 орындық мектептер салынды. Ақшаауда 60 орындық, Мергенсайда құны 2,3 млрд теңге болатын 150 орындық мектеп бой көтерді, Тоқабайдағы №248 мектеп жаңарды. Сексеуілде «Қазақстан темір жолы» компаниясының демсеуілігімен 1 млрд теңгеге 100 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі салынып жатыр. Сапақтағы №69, Аралдағы №220 және №13 мектептерді жаңадан салуға қажетті құжаттар әзірленген.

Денсаулық сақтау саласында Сексеуілдегі 25 төсектік аурухана мен Тоқабайдағы жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Арал қаласында «Камқорлық» оңалту орталығы ашылып, орталық аурухана жанынан құны 2,3 млрд теңгелік нейро-инсулыг және кардиология бөлімдеріне арналған жаңа ғимарат салынды. Жыл соңына дейін МРТ мен ангиограф орнату жоспарланған. Жұқпалы аурулар бөлімінің 2,1 млрд теңгеге салынған жаңа ғимараты пайдалануға берілсе, Шанхай мен Жаңауыл мәлтек аудандарына тәулігіне 250 адам қабылдайтын құны 6,6 млрд теңге деп бағаланған емхана салу жоспарланып отыр. Жақсықилыш пен Шиждада жаңа спорт кешендері, Аманөткелде 150 орындық мәдениет үйі ашылды. Өткен жылы салынған 1,7 млрд теңгелік «Руханият» орталығы да ауданның қоғамдық-мәдени өміріне серпін берді.

Арал талай тарихи кезеңді бастан өткерді. Бір кезде айдыңды теңіз жағасындағы портты қала болса, кейін тартылған теңіз табаны әлемге табығатқа жауапсыз қараудың ауыр зардабын көрсетті. Бірақ бүгінгі Аралдың әңгімесі тек қасірет туралы емес. Қазір мұнда теңізді сақтау ісімен қатар өндіріс орындары ашылып, ауылдарға су мен газ жетіп, жолдар салынып, электр желілері қанығып, мектеп пен ауруханалар бой көтеріп келеді. Бір жағынан ЮНЕСКО геопаркіне ұмтылған экологиялық бастама өріс алса, екінші жағынан Еуропа мен Азияны жалғайтын халықаралық көлік дәліздері салынып жатыр. Осындай өзгерістердің ортасында 1905 жылдан бері талай жолшындары қарсы алып, талайын алыс сапарға шығарып салған «Арал теңізі» вокзалы қайта жаңғырып тұр.

Осыдан 121 жыл бұрын теміржол Аралды үлкен әлеммен жалғаса, бүгін жаңарған вокзал жаңа кезеге аяқ басқан ауданның қақпасына айналды. Сондай-ақ жаңа жолдар, өндіріс орындары, көпірлер отын жеткен ауылдар, жаңа мектептер мен ауруханалар, экологиялық жобалар және ең бастысы туған жерінің ертеңіне сенген елдің тіршілігі жарқын күндерге ұласып барады.

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ОПЕРА-БАЛЕТ
ТЕАТРЫНЫҢ ЖАҢА
93-МАУСЫМЫ КӨРНЕКТІ
СУРЕТКЕР Ә.НҮРПЕЙІСОВТІҢ
«ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫ
БОЙЫНША ҚОЙЫЛҒАН
«АҚБАЛА» БАЛЕТІМЕН
АШЫЛДЫ.**



сахналары минималистік сценографияда – балет тобы өнері, опера хоры, симфониялық оркестр және қылқобыз аспабы үндерімен полифониялық сипат алады. Онда Арал теңізінің жал-жал толқындарының жағаға соққан үні, теңіз жағасындағы талайлы тағдырлар, сайын даланың тынысы, жалпы кезең атмосферасы тоғыса естіліп-сезіледі және бөріне бастан-аяқ көрерменін ортақтастырады. Осының барлығы, түйіп айтқанда, бір мақсатқа жұмыла алған үлкен ұжымның мұраттастықпен жұмыс жасағанының жемісті нәтижесі.

Жемісті нәтиженің бірі – «Ақбала» балетінің өнердегі жас таланттар, атап айтқанда, ұлттық құнары мықты жас композитор – Аружан Октябрь, жас балет бишілері Милана Рахымбекова, Архат Әшірбек, Рүстем Иманғалиев пен есімі жоғарыда аталған өзге де жас орындаушылардың, костюм суретшісі Азиза Сайымованың есімдері мен өнерін қалың жұртшылыққа таныстырып, рухани айналымға түсіргені.

«Ақбала» – ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ БАЛЕТІНІҢ ЗҮБӘРЖАТЫ

Ұлан-ғайыр даламыздың бір аумағы Арал өңірінде ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген ел тарихы адамдар тағдыры арқылы суреттелетін «Қан мен тер» трилогиясының жаңа бір тынысы ашылды – көркем трилогия балет тілінде сөйледі.

Көрнекті суреткер Ә.Нұрпейісовтің адам тағдырын алапат төңкеріс, сұрапыл оқиғалармен асастырып, көркем сөзбен сурет салған осы үлкен полотноның басты бір арқауы: Еламан – Ақбала – Тәңірберген ұштағаны. «Ақбала» балетінің де жалпы фоны – қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар шиеленісе түскен уақыт аясында өтіп жатса, негізгі оқиға осы кейіпкерлердің тағдырларымен өріледі.

Балеттің драматургиялық негізі мығым жасалған. Атап айтарлығы – мұндағы либретто, әдетте біраз драма театрларында кездесетіндей, өзіндік идеясын жеткізу үшін классиканы «пайдалану», яғни жөнді-жөніз деконструкциялау емес, керісінше, трилогияның астар қабаттарындағы мағыналарды ашуға бастайды.

Эмоционалдық жүгі толыққанды балеттің басты кейіпкері – Ақбала. Ақбала десе – Ақбала. Трилогия авторының кейіпкеріне осы есімді беруі және ол Еламан айдалып кеткен соң жападан жалғыз, қорғансыз қалғанда әлсіздік танытып, адасқанда да іш бұруы бекер емес. Өткен ғасыр басындағы өлшеммен алсақ, Ақбала шамамен он төрт-он бестердегі, жан дүниесі де, сезімі де мөп-мөлдір, аққудың балапанындай кейіпкер. Алғашқы сахнада – аппақ киімімен аппақ нұрдың аясында сүйіктісі Тәңірбергенмен бақытты, көкте ұшып жүргендей Ақбала. Келесі сахнада – эмоциясы да, пластикалық өрнегі де қатандау әкесі Сүйеумен диалогтағы Ақбала. Ақыры, ол ата жолы, әкесінің қалауымен Еламанға өмірсерік болып, күнкөрісі теңізге байланған, тірлігі тым жұпыны балықшылар ауылына келін болып түседі.



үласқан намыскерлігі, әділетсіздікке қарсы қарсесті, өмір талқысынан өтіп, тұлғалық өсуі; сондай-ақ үшүсінің де қуаныштары мен сезім сарсаңдары би тілімен, үшқыр пластикамен, эмоционалды қуатпен мағыналанатын. Әсіресе, осы үш кейіпкердің әрқайсысы өз жан дүниесі арпалысында жүріп, бірге билейтін сахналары көрерменге эмоциялық тұрғыдан қатты әсер береді.

Трилогияда басты болсын не қосалқы болсын, кейіпкерінің барлығы да мейілінше дараланған. Бұл сипат балетте де бар. Театрдың талантты жастарының орындауына – Сүйеу қарт (Айдар Азабеков), Федор (Азамат Асқаров), Дос (Дарын Тайырбеков), Қарақатын, (Риза Тағанова), Судыр Ахмет (Қасқырбай Есқали), Тәңірбергеннің бәйбішесі (Айман Егісбаева) сияқты кейіпкерлердің жан дүниесі эмоционалды, енді бірде сезімге сараң қимыл-қозғалыстармен бейнеленеді. Арнайы жазылған музыка мен арнайы тігілген костюмдер күрделі хореографиялық партитурада жарасымды үйлесім тапқан балеттің сахналық-визуалдық сымбаты да барынша көркем.

«Ақбала» – заманауи балет. Сондықтан да мейлінше минималистік сценография, костюмдер, тіпті сахналық-визуалдық жарыққа дейін минималистік стильге бағындырылған. Боюы бірсіпатты жарық пен көленке қойылымның жекелеген психологиялық сахналарын айқындап, кеңістіктік-уақыттық мәнін ашады.

Қойылымда әлеуметтік теңсіздікті, Арал балықшыларының ауыр тұрмысын, тауқыметін, сондай-ақ Тәңірберген мен Ақбаланың бас қосу тойын, арада бірер сахнадан кейін Ақбаланың мырза ауылынан қуылып, бәйбішесінің насаттанна «салтанат құрғанын» бейнелейтін көпшілік

Ендігі кезекте «Ақбала» балетінің шығармашылық тобын ақталған мандай термен құттықтап, аты-жөндерін атау міндет. Біз пікіріміздің бастауында ерекшеліпін атап өткен либретто авторы Шынар Омарова, композитор Аружан Октябрь, қоюшы-хореограф Аршак Галумян (Германия), дирижер Нұржан Байбосынов, бас хормейстер Әлия Темірбекова, қоюшы-сценограф Элеонора Перонетти (Италия), хореограф ассистенті Томас Клейн (Германия), жарық суретшісі Татьяна Мишина (Ресей), костюм суретшісі Азиза Сайимова, балет тобының көркемдік жетекшісі Гүлжан Түткібаева. Ал осыныша ұжымның шығармашылық шабытын ашып, қойылымның бас демеушісі болған НАУК қайырымдылық қоры. Рухани мұраттастық бар жерде ғана болуы мүмкін осындай жанкешті еңбектің бастауында театр басшылығының, директоры Айнұр Көпбасарова мен командасының ауқымды ойлау, үлкен ұйымдастырушылық, қабілеті, биік мақсат пен үшқыр коммуникациялық таланты тұрғаны өз-өзінен түсінікті.

Қазақ опера-балет өнерінің қара шаңырағы Абай атындағы театрдың кейінгі жылдардағы шығармашылығы – үлкен ұжымның жаңаша, жасампаз трансформация жолында екенін байқатады. Мұның өзі жалпы ұлттық өнердің мазмұнын байытып, әлемдік картада да лайықты орнын алуға иі әсері болары анық. Бұл ретте біз трансформация деп қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттық код-құндылықтарды, дүниетаным-пәлсапаны көркемдік тұрғыдан зерделеу жолында **заманауи төл әдебиетіміздің шығармашылық қуатын бағалай білуді** және төл тарихымызға деген жаңаша көзқарасты айтып отырмыз. Мұндай трансформация ұлттың өзін-өзі тереңірек тани түсіне бастайтын жолдардың бірі. Белгілі жазушы Дәурен Қуат жазғандай, «ұлтқа ұлттық әдебиет жақын, ... ол шығармаға тосын мазмұн сыйлайтын жаңа мәтін болып оралуы мүмкін». Ал ұлттық классикамен қатар заманауи қазақ әдебиетінде ұлттық опера мен балетке негіз болатын көркем шығармалар аз емес. Мұның жарқын мысалдары – театрдың өткен жылғы сүбелі туындысы «Хан Сұлтан» операсы және жаңа қойылымы «Ақбала». Біздің қуана көпшілікпен ой бөлсүіміздің басты себебі де осында.

«Ақбала» – заманауи қазақ балетінің үздігі!

Әлия БӨПЕЖАНОВА,
сыншы, Қазақстанның еңбек сіңірген

АЗИАДА-2026: Ел қоржынына сегізінші алтын медаль түсті

КЕШЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ВЛАДИСЛАВ ЯКОВЛЕВ ПЕН ИВАН ЧЕРНУХИН АИЧИ-НАГОЯДА (ЖАПОНИЯ) ӨТІП ЖАТҚАН 2026 ЖЫЛҒЫ АЗИА ОЙЫНДАРЫНДА ЕРЛЕР АРАСЫНДА РУЛСІЗ ҚОС ЕСЕКТІ ҚАЙЫҚПЕН ЖАРЫСУДАН А ФИНАЛЫНДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ.



Шешуші бәсекеде Яковлев пен Чернухин қашықтықты 6 минут 25,13 секундта бағындырып, бірінші орынға ие болды.

Күміс жүлдені қытайлық Чуан Цао мен Мэншуй Ян иеленді. Олар қазақстандықтардан 2,09 секундқа қалып қойды. Үшінші орынға Өзбекстан өкілдері Максим Голубев пен Алишер Түрдиев (6:32,34) жайғасты.

Осылайша, Қазақстан құрамасының қоржынына Азия ойындарының жетінші медалі салынды.

Еске сала кетейік, оған дейін Алексей Луценко тасқолдағы велоспорттан ерлер арасындағы жекелей сында алтын медаль иеленген-тін. Кейін ол топтық жарыста тағы қарсылас шақ келтірмей, Жазғы Азия ойындарының чемпионы атанды.

Осылайша, отандасымыз 6 дүркін Азия чемпионы атанып отыр. Ол осыған дейін Инчхон (2014жыл), Джакарта (2018 жыл) және Ханчжоу (2023 жыл) Азия ойындарында жекелей және командалық сында төрт алтын және бір күміс медаль жеңіп алған болатын.

Одан бөлек, Жазғы Азия ойындарында велоспорттан әйелдер арасындағы жекелей сында Рината Сұлтанова, каратэшілер Жоламан Биғабил мен Софья Берульцева, аралас жекпе-жек шеберлері Еркінғали Бүркіталиев мен Қадырбек Шынбаев алтын жүлдегер атанды.

Қазіргі есеп бойынша Қазақстан құрамасы 8 алтын, 5 күміс, 8 қола жүлдемен жалпыкомандалық есепте 4-орында тұр. Тізім басында Қытай құрамасы (75 алтын, 26 күміс, 15 қола), Жапония атлеттері 2-орында (18 алтын, 29 күміс, 36 қола), ал Оңтүстік Корея спортшылары 3-орында (10 алтын, 12 күміс, 28 қола) тұр.

ҚПЛ-да қай команданың көрермені көп?

ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ (ҚФФ) БИЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ КОМАНДАЛАРЫДЫҢ МАТЧТАРЫНА ЕҢ КӨП КӨРЕРМЕН ЖИНАЛАТЫН ҚАЛАЛАР БОЙЫНША СТАТИСТИКАНЫ ЖАРИЯЛАДЫ.



ҚФФ мәліметінше, өз алаңындағы ойындарға орташа есеппен ең көп жанкүйер жинаған команда – «Ақтөбе». Ақтөбедегі кездесулерді орта есеппен 10 291 көрермен тамашалаған. 2026 жылғы маусымда клубтың өз алаңындағы матчтарына жалпы 113 200 жанкүйер келген. Команда ойын өткізетін стадион 12 621 көрерменге арналған.

Орташа көрермен саны бойынша екінші орында «Қайсар» тұр. Қызылордада биыл 11 мың көрерменге арналған жаңа стадион пайдалануға берілді. Клубтың өз алаңындағы матчтарына орта есеппен 8 672 жанкүйер жиналған. Маусым барысында «Қайсардың» өз алаңындағы ойындарын барлығы 112 736 адам тамашалаған.

Үздік үштікті «Астана» командасы түйіндеді. Сыйымдылығы 30 мың адамға арналған «Астана Аренада» елордалық клубтың матчтарын орта есеппен 8 593 жанкүйер көрген. Ал команда ойындарына жиналған көрермендердің жалпы саны – 94 520 көрермен.

Жалпы көрермен саны бойынша «Ақтөбе», «Қайсар» және «Астанадан» кейін Семейдің «Елімайы» (72 080) көрермен және елорданың «Жеңіс» (68 900) көрермен көрсеткішімен орналасқан.

Айта кетерлігі, елдің қазіргі чемпионы – алматылық «Қайрат» бұл көрсеткіш бойынша көшбасшылар қатарында емес. Клубтың ҚПЛ-дегі өз алаңындағы матчтарына орта есеппен 6 567 көрермен жиналған. 2026 жылғы маусымда «Қайраттың» Премьер-лигадағы ойындарын жалпы саны 59 106 жанкүйер тамашалаған. Ал Алматыдағы Орталық стадион 23 804 көрерменге шақталған.

AMANAT MEDIA GROUP Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР: Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ, Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ, Наурызбек САРША, Ділда УӘЛІБЕК, Ахмет ӨМІРЗАҚ (Алматы қаласы)	ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ: Ендар ҚАБА (беттеуші-дизайнер) Корректор: Саягүл САПАРҚЫЗЫ Немірдің кезекшісі: Наурызбек САРША • Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС Сипеті көшесі 30, төл.: 8(7172) 99-77-77 • Тапсырыс №10200. Таралымы 5762 Көлемі 4 б. т.	Мекенжайымыз: 010000. Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 12/1 Редакция телефоны – 8(7172) 72-95-39 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.liter@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32, 8(7172) 72-95-39 podpiska.alt@gmail.com • Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді • Оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды © «Түркістанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Суреттердің сапасына редакция жауап бермейді • Мақалалар коммерциялық негізде басылды • Жарнамалар мазмұнына редакция жауап бермейді М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 Газет «Түркістан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, қайта есепке қою туралы №КЗ20VPU00019166 куәлігі 08.01.2020 жылы берілген. Индексі: Жеке жазылушылар үшін – 65413, мекемелер мен ұйымдар үшін – 15413.
--	--	--	--